

11320к

Габриель Гарсиа МАРКЕС

ХИКАЯТТАР
ӘҢГІМЕЛЕР

әлем әдебиеті кітапханасы







“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТИК БАҒДАРЛАМАСЫНЫң
КИТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ТҮҢГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫң
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ


АСТАНА
2007

“МӘДЕНИ МУРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТИҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес тәрағасы
Аскаров Ә.А., жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Аяған Б.Ф.
Әбусейітова М.Қ.
Әжігали С.Е.
Әлімбай Н.
Әуезов М.М.
Байпаков К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрханов К.Н.
Досжан А.Д.
Ертісбаев Е.Қ.
Есім F.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариеva Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Тұймебаев Ж.Қ.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.

Габриель Гарсиа
МАРКЕС

ХИКАЯТТАР
ЭҢГІМЕЛЕР



әлем әдебиеті кітапханасы

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (*серияны құрастыруышы*), Абдрахманов Сауытбек
(*төрага*), Әбдіков Төлен, Аскаров Элібек, Бельгер Герольд,
Елеуkenов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжеміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Орыс тілінен аударған
Кеңес Юсуп

Маркес Габриэль Гарсиа.
М 23 Хикаяттар. Әңгімелер.
Астана: Аударма, 2007. – 288 бет.

ISBN 9965-18-219-1

ББК 84(7 Кол)7-44

ISBN 9965-18-219-1

© Қазақша аудармасы,
Юсуп К., 2007
© “Аударма” баспасы, 2007

Габриэль Гарсия МАРКЕС

ХИКАЯТТАР

*Жиренішті өліммен өлген Полиниктің мәйіті
жөніндегі Креоннан қала түргындарының бірде-біреуі
оны жерлемесін, аза тұтпасын, көмусіз қалдырысын,
жылап жоқтамасын, тарпа бас салатын тағы аң-
құстың жемтігіне қалдырысын, деген жарлық
шығарған екен дейтін сөз бар.*

*Ізгі жүректі Креоннан бұл жарлықты сен және мен
үшін, өлбетте мен үшін жария етуге пәрмен берген;
естімей қалғандарға естірту үшін өзі де осында келеді
деген сөз бар; жерлеу болмайды, өйткені тыбыымды
бұзғандарга халық тас атады.*

(“Антигонадан”)

*Селеннің ортасынан кенеттен құдды бір қуаттың құйын
көтерілген тәрізді, қураган жасырақтарды қуалай әкелген банан
компаниясы лап берді. Ішін ығыс-жығы жасырақтар – бөтен
жерлердің адамы мен затының қоқысы, алыстаған сайын алдамиши
дүниеге үқсан бара жатқан анау азамат согысының күйігі.
Жасырақтар дес берер емес, судырап түсіп жасатыр. Қалың тобыр
бойынан шығарған қолқа қабатын сасық ісімен, адам терісі мен
аңдыған ажсалдан бөлінген сасық ісімен айнала төңіректің бәрін
тоқтаусыз улан барады. Бір жылга жетер-жетепес мерзімнің ішінде
мекенді таусылып бітпейтін тауқыметтің көң-қоқысымен көміп
тастады, көше біткенді өзінің сан-саналақ қоқсығының астында
қалдырыды. Екілене соққан есер желдің екпінімен қалдық біткен
қателімде тәбе-тәбе үйіндігे айналып, ақыры бір жақ шеті өзенге,
екінші беті бейітке тірелетін, басқа мекендердің қагынды-
согындыларынан тұратын айрықша бір құранды кентке айналды.*

*Оның қуаттың ірімі тартып әкелген адам қоқысымен қатар онда
бакалея дүкеншіктерінің, ауруханалардың, опа бермес орын-*

дардың, электр стансаларының қалдықтары орын төпті; өзімен бірге бар болғаны агаши жағдап немесе іш күмінің жалғыз гана бұмасымен келген жалғыз басты әйелдер мен қашырларының тізгінің қонақүйдің агаши маласына байлаган, ал бірнеше айдан кейін өзінің жеке үйі, екі көнізагі мен согысқа кеш кірісулерінің салдарынан өздеріне уақтылы берілмей қарызы болып қалған әскери атақтарын алған салт басты еркектер қоныс төпті.

Жапырақтар құйынымен бірге бізге үлкен қалалардагы сұрқай маҳаббаттың сұқсырлары да келіп жетті, агаши штарқаларын согып алды; алгашиңда бұл кереуеттің жартысы жалғыз түнге жасбырқаулы баспанада болған меңіреу құыс еді, соңынан жасырын салдақылықтың шуы мен дуы көп көшесіне, соңыра зинақорлықтың селениң өз ішіндегі оқшау отауына айналды.

Бейтаның жұздердің осы қым-құыт қара дауылының, қара-жолдың қақ ортасына тігілген шатырлардың, көшеде қымсынбай күймдерін алмастырган еркектердің, қолшатырларының астында, жағдандарының үстінде отырган әйелдердің, қаптаған қашырлардың – қонақүйдің қорасында қалдырылған аштан қатуга шақ қалған қашырлардың ортасында біздер, алгашиқы қоныстанушылар, соңғылар, жатжұрттықтар, көктен түскендер болып шықтық.

Согыстан кейін Макондоға келген біздер оның жерінің құнарын көрғенде, күндердің күнінде қуарған жасырақтардың осылай қарай жөңкіле үшатынын білген едік, бірақ оның тегеурінін бағамдай алмай қалған екенбіз. Сондықтан да жойқын селдің жақындағы түскенін аңдаган бетте, ыдыс-аягымызды табалдырығымыздың алдына қойып, төзімімізді жсанып, жаңадан келгендердің бізді танитын сәтін тостық. Міне, пойыздың алгашиқы дыбысы шықты. Курагандар соган қарсы көтеріле үшты, алайда үшу кезінде қауқарынан айырылып, бір-біріне жасысын ауырлай түсті; содан бастап бұлар ірін-шірудің табиги үдерісіне үрініп, топырақ туїйрлерімен араласып кетті.

(Макондо, 1909 жыл)

Өмірімде өлген адамды көргенім осы. Бүгін күн сәрсенбі, маған сонда да жексенбі сияқты көрінеді, өйткені мені мектепке жібермей, үстіме ол жер-бұл жері батып мазамды кетірген жасыл барқыт кәстөм кигізді. Анамның қолынан үстап, жиһазға соғылып қалмас үшін алдына кезене үстаған кәшкүрін тықылдата ілгері

басқан атамның (қара көлецкеде көзі қөрмейді, әрі ақсандаиды) соңынан ілесе жүрген мен қонақжайдағы үлкен айнадан басынан аяғына дейін жасыл киген, мойнын крахмалданған ақ бант қажаған өзімді қөрдім. Мен бұлыңғыр тартқан сопакша әйнектен өзімді қөріп: “Мынау мен, бүгінгі күн жексенбі сиякты”, – деп ойға қалдым.

Біз өлген адам жатқан үйге келдік.

Жан-жағы жабық бөлменің ішінде тыныс алатын ауа жоқ. Сырттағы күннің зыңбылынан өзге дыбыс естілмейді. Ауа тұнып қалған, тұтқыш тартқан, одан таспа тілуге болатын тәрізді. Өлікті жамбасына жатқызыған жатынжайда жағдандардың иісі шығады, бірақ өздері еш жерден көзіме түскен жоқ. Бұрышта бір шығыршығына ғана ілінген аспалы төсек қөрінеді. Мұндай иіс күресінде ғана болады. Біздің айналамыздағы ескіріп, тозығы жеткен заттардың сыртқы түрінің өзі күресіннің исін шығарытсынай әсер туғызады, шын мәнінде олардың иісі өзгеше деген ой келді маған.

Бұрын өлгендер қалпақ киіп жатады деп ойлаушы едім. Олай емес екен. Байқаймын, олардың шаштары ағарған, иектері орамалмен таңылатын қөрінеді. Аузы сөл ғана ашылыңқырап қалған екен, көгерген еріндерінің астынан кір шалған тістері қөрінеді. Бір жақ езуінен тістелген, ісініп, түбінен тартып тастаған кездегі саусақ секілді қарайып қабарған тілі шығып жатыр. Көзі басқа адамдардікіндей емес, бағжыып қалыпты, сәулесіз секілді, терісі қонденіп су сіңген топырақ тәрізді. Мен өлгендер тыныш үйқыдағы адамдар сияқты шығар деп ойлаушы едім, енді байқаймын олай емес екен: қайта ол үйкисы қашқан, төбелестен кейін әлі де сабасына түсе қоймаған адам тәрізді.

Анам да жексенбі күніндегідей киінген. Басында құлағын жауып тұратын ежелгі сән үлгілі сабан қалпақ, үстінде жеңі білегін жауып тұратын, биік жабық жағалы қара кейлек. Бүгін сәрсенбі болған соң ба екен, ол маған бөтен, бейтансыз адамдай қөрінеді, содан атам табытты кіргізген адамдарға қарай көтерілген кезде анамның маған бірдене айтқысы келгендей болған сияқты. Анам жабық терезеге арқасын беріп менің жанымда отыр. Ол ауыр тыныс алады, асығыс кие салған шләпісінің астынан шыға беретін шаштарын әлсін-әлі түзеп өлек. Атам табытты тесектің жанына қоюды бүйірді. Сонда ғана мен оған өлген адамның еркін сиятынын аңдадым. Алғашқы алып кірген сәтте мен кереуетте ұзыннан түсіп жатқан адамға табыт қысқа болады деп ойлаған едім.

Мені неге өкелгенін білмедім. Бұл үйге бұрын-соңды аяқ басқан емеспін, тіпті бос тұрған үй санайтынын. Мен ес білгелі есігі

ешқашан ашылмаған бұрыштағы үлкен үй. Менде мұнда біреу тұратын шығар деген ой болған емес. Бұғін ғана білдім, анам маған: “Түстен кейін сен бүгін мектепке бармайсың”, – дегенде мен қуана қойғаным жоқ, өйткені ол сөздерін қатқыл байсалды дауыспен айтты, содан кейін бір сөз айтпай, жасыл барқыт кәстемінді әкеліп мені шыттай киіндірді, сонынан біз атама ілесіп көшеге шығып, біздің үймен арадағы үш үйдің жаңынан өтіп осы үйге келдік, сонда ғана мен мұнда біреудің тұрғанын білдім. Өлгсін біреу, осында тұрган да біреу екен; маған анам: “Докторды жерлеу кезінде сен өзінді дұрыс ұстауга тиіссің”, – дегенде мензеген адам осы екен.

Кірген бетте мен ешқандай өлгөн адамды көргенім жоқ. Есіктің аузында тұрып, басқаларман сөйлесіп тұрған атама ғана көзім түсті. Ол үнсіз бізге ілгері жүруіміз керек екенін иұсқады. Мен сол сәтте бөлмеде біреу бар деген ойға келдім, бірақ табалдырықтан аттаған бетте ол қараңғы да қаңырап бос тұрғандай көрінді. Ыстық бірден бетімді шарпыды, күресінің іісі мұрныма келді, әдепкіде үстімізден басқан үлкен толқындаі арыла қоймаған иіс те, ыстық та етіміз үйрене келе кері лықсыды. Анам қараңғы бөлмеде мені жетелеп әкеліп бұрышқа өзінің қасына отырғызды, біраздан кейін үй ішіндегі заттарды ажырата бастадым. Атамның терезені ашпақ болып, кәшкүрімен сырмаларына ұрғылап әлектенгенін көрдім, бұлар терезе ойығына өзінің ағаш жақтау-ларымен жабысып қалған тәрізді, ырыққа көнер емес. Оның пенжегіне кәшкүрінің әр тарсылынан бұркырай көтерілген шаң қонды. Атам өзінің амалы құрығанын айтқан кезде, терезеге мойнымды бұрган мен кереуетте әлдекімнің жатқанын көрдім. Бір ер адам қарайып, ұзынынан түсіп созылып, қимылсыз жатыр. Мен анама бұрылдым. Ол бетен адам секілді, байсалды кейіпте басқа жаққа қарап отыр. Аяғым қарыс сүйем жерге жетпей тіреусіз қалған соң мен қолдарымды құйрығымның астына салып, алақандарыммен отырғышты таянып, аяқтарымды ілгері-кейін қозғай бастадым. Кенеттен анамның айтқан сөздері есіме сап ете түсті: “Докторды жерлеу кезінде сен өзінді дұрыс ұстауга тиіссің”. Жоныммнан сұық бірдеңе осып өткендей болды. Мен бұрылып артыма қарадым, кеүіп жарыла бастаған құрғақ ағаш қабыргадан маған біреу тіл қатқандай: “Аяғыңды көстеңдетпей, тыныш отыр, кереуетте жатқан адам, доктордың өзі, ол өлді”. Кереуетке көз салғанда мен оны анық көрдім. Оның демалып жатқан адам емес, өлік екенине көз жеткіздім.

Сол сәттен бастап кереует жаққа қанша қарамауға күш салсам да, біреу мойын бұруыма мұрша бермей, басымнан тас қылып

ұстап тұрғандай, жанарларымды тайдырып әкетсем де, қаранғыда алдымнан оның аларған көздері мен көгерген кейпі слес береді.

Неге екені белгісіз, жерлеуге ешкім келмеді. Келгендер атам мен атама жұмыс істейтін төрт гуахиро-ұнділіктер ғана. Олар өздерімен бір сөмке әк әкеліп, оны табыттың ішіне септі. Егер анам алабөтен мінезді аңғырт адам болмағанда, олардың неге бұлай істегенін сұрап алатын едім. Табытқа неге әк сепкенін түсіне алмадым. Сөмкедегі әк таусылғанда, еркектердің бірі оны табыттың үстінде сілкілеп, оның ішінен әкке қарағанда ағаштың жонқасына көбірек ұқсайтын соңғы түйіршіктері төгілді. Ұнділіктер өлікті біреуі иығынан, біреуі аяғынан үстады. Мәйіттін үстінде жалпак кара белбеумен буынған көнетоз шалбар, сүр көйлек. Тек сол аяғында ғана бәтеңке бар. Бір аяғы – патша, бір аяғы – құл, дейді Ада. Оң бәтеңкесі төсегінің шетінде жатыр. Кереуетінде өлікке өлдене бөгет жасаған тәрізді, табытта өзін қолайлы, жайбаракат сезінетіндей. Оның кескіні, төбелестен қызынған жанды адамның кескіні секілді, ақыры жайлы орнын енді тапқандай жүзі жұмсағып, жылы жадыраңқы кейіпке көшкендей.

Атам бөлме ішін аралап жүр. Ол оны-мұны заттарды жинастырып, оларын табыттың ішіне салды. Мен атамның табытқа неге заттарды салып жатқанын түсіндірер деген оймен тағы да анама қарадым. Бірақ қара киінген анам селт етпеген самарқау қалпында, өлік жатқан жаққа қарамауға тырысып отырған сыңайлы. Менің де қарағым келмейді, бірақ қарамасқа дәрменім жоқ. Мен оған көз алмай қараймын, мен оны бағып отырмын. Атам табытқа кітап салып, адамдарға белгі берді, олардың үшеуі келіп, табыттың қақпағын жапты. Сол сәтте ғана менің мойнымды сол жаққа қаратып талжылтпай ұстаған қолдардың босатқанын сезіп, бөлменің ішін шола бастадым.

Анама бұрылдым. Осында келгеннен бері ол алғаш рет маған ештеңе аңғарып болмайтын сабырлы салқын жымыспен қарады. Мен алыстан талып жеткен бұрылысты айнала берген пойыздың ыскырығын естідім. Өлік жатқан бұрышта қараң-құран қозғалыс басталды. Ұндістердің бірі табыттың қақпағын көтеріп, атам оған төсекте ұмыт қалған марқұмның бәтенкесінің сыңарын салды. Тағы да пойыздың ыскырығы шықты, бұл жолы ыскырық алыстау жақтан естілді. Бірден түсіне қойдым: “Үшке жарты қалған екен”. Мен дәл осы уақытта (Макондоны айналған пойыз ыскырған кезде) мектепте балалардың екі-екіден жұптассып, түстен кейінгі бірінші сабакқа бара жататынын есіме түсірдім.

“Абраам”, – деп ойладым.

Мен баланы ертпеуім керек еді. Бұл бала қарайтын көрініс емес. Мен де, отызға толғалы отырған менің өзім де, мәйіттің айналасындағы азалы ауаны жұтуға дәтім өрең шыдайды. Біздің әлі де тұрып кетіп қалуымызға болады. Оң жеті жыл бойы пендे баласымен не бір ілтипатты, не бір ізгілікті дерлік қарым-қатынаста болмаған адамның рухы сініп кеткен болмеде отырудың ауыр екенін әкеме айтуымыз керек. Сірә, жалғыз менің көкем ғана осы адамға жанашаырылғы қозқараста болған тәрізді. Оның осы іштартушылық сезімінің арқасында ғана ол енді мына тәрт қабырғаның ішінде іріп-шіріп қалмайтын болады.

Мұның бәрінде бір қайғылы өрі құлқілі бірдеңе бар. Мені осы алаңдатады. Енді бір минуттан кейін біз көрген жан қамығудан гөрі қанағат табатын табыттың артынан ілессе шығамыз, Мені осы мазалайды. Макондода бір пәнде игі тілеумен еске алмайтын адам шіріп жатқан табыттың соңынан әкемнің, бала жетектеп менің ергенімді, сөйтіп зиратқа мейірімділік көрсетпек болған, жақсылықтары ертеңгі күнгі масқараларының бастауы болар үш адамның бара жатқанын терезелерінен көріп отырған әйелдердің түрін көз алдыма елестете алар емеспін. Әкемнің осы біrbет-кейлігінің кесірінен ертеңгі күні біздің өзіміздің тәнімізді жерге беретін бірде-бір жанның табылмауы да ықтимал.

Баланы несіне ерттім екен? Әлде әкем: “Сен менімен бірге барасын” деген кезде менің ойыма келгені өзімді қорғанышсыз сезінбеу үшін баланы ерту болды ма екен? Ендігі отырысымыз мынау, қыркүйек күннің қапырығында, ертеңгі күні қастарымыздың аяушылықты білмес куәларына айналатын заттардың қоршауында отырмыз. Әкем мұның бірін де ойлап жатқан жоқ. Ол өзінің өмір-ғұмырында, сайып келгенде, қофамдық пікірді көзге ілмей, ен бір ұсақ-түйек дейтін міндеттерінің өзін, мұнысы әдептілікке жатар-жатпасына да қарайламай, жеріне жеткізе орынданап келеді. Тегінде осыдан жиырма бес жыл бұрын осы адам біздің табалдырықты алғаш аттаған кезде қонағының қолайсыз қылықтарын көріп отырған әкем күндердің күні келгенде, селенде мына пендениң сүйегін құзғындарға тастантын адамның табылмасын парықтаса керек. Сірә, сол кездің өзінде әкем туатын қызындықтарды алдын ала болжап, ықтимал қолайсыздықтарды да өлшеп-пішіп қойған секілді. Енді міне араға жиырма бес жыл салып, ежелде мойнына артқан міндеттің мейітті Макондоның көшелерінен өзі арқалап етсе де, әкемнің ақырына дейін орындашынан да сөз жоқ.

Дегенмен, сағаты соққан кезде бұған оның өзінің жігері жетпей, сөз жоқ, мен түсінетін жасқа келмей тұрып, өзінің мойнына алған

жан төзгісіз парызын өзімен бірге орындауға мені де мәжбүр етіп отыр. Ол маған: “Сен менімен барасың”, деген уақытта оның сөздерінің мәнісін мен парықтап үлгергенім жоқ, жүрттың бәрі өз інінде іріп-шіріп күлге айналуға тиіс деп үйғарған адамды жерлеудің қаншалықты қайырысыз күлкілі іс екенін қапелімде ұғына алмай қалдым. Ақыры осымен тынарына адамдар үміттеніп қана қойған жоқ, солай боларына сеніп те, өзірленіп те жүрді, Құдайдың бір көңілі түскен күні мекеннін үстінен оның өлігінің ісі аңқитынына, әрі бұған ешкімнің қиналып-қайғырмасына, күйінп-қапаланбасына, қайта көп күттірген сын сағаттың соққанына – баршаның қуанарына, сондай-ақ ашу-өкпенің ең бір қалтарыс қуысына дейін тоят тауып – тынышына дейін шіріген өлі дененің жүрек айнтарлық мұңқіген ісінің ұзағырақ ауада қалқып тұруын қаларына кінәратсыз адап көңіл, ак жүректерімен иланған еді.

Міне, біз Макондоны осындаған көп күттірген қызығынан айырып отырмыз. Менің бойымда біздің бұл батылдығымыздың өзі белгілі бір шамада адамдардың көңілінде өкініш пен реніштің орнына, мұның өзі әлі жеңіліс емес, кейінге қалған жеңістің ұшығы ғана деген ұғым қалдырған шығар дейтін сезім қалды.

Ел-жүртты он жыл бойы жайланаған докторға қарсы өрбіген бітімсіз жаулықтың жағыны ендігі жерде бізге қарай ойыспасына кім кепіл, баланы оған шарпытпау үшін үйде қалдыру керек еді. Баланы бұл іске араластырмау керек еді. Ол өзінің неге мұнда отырғаның, неге осы лас бөлмеге келгенін түсінбейді. Ол аяқтарын ақырын арлы-берлі қозғалтып, алақандарын орындыққа тіреп, мұның өзі не екенін, осы шешімі қын жұмбақты өзіне ұғындыруын күткен сияқты, үнсіз жаутаңдал отыр. Мен оның сезімнен арыға баруына кедергі келтіретін есікті ешкімнің оған ашып бермесіне, ешкімнің мұндай әрекет жасамасына сенгім келеді.

Ол бірнеше рет маған жаутаңдал қарады, мен оған өзімнің ішкі сезімімнен өзімнің жасырынуым үшін киіп алған мына жабық жағалы көйлегіммен, басымдағы ескі қалпағыммен оған жат, бейтаныс адамдай көрініп отырғанымды түсінемін.

Егер Меме тірі болғанда, осы үйде болғанда, онда әңгіменің жөні бөлек. Онда мені сол үшін келді, қайғысына ортақтасуға келді деп ойлар еді. Шындығында, ол қайғырып жатпас еді, бірақ жорта солай істегендегі, Макондо оған оп-оңай сенер де еді. Меме осыдан тұра он бір жылдай бұрын жым-жылас жоқ болып кетті. Доктордың өлімімен бірге оның қайда екенін, жоқ дегенде сүйегінің қай жерге көмілгенін білу мүмкіндігінің өзі желге ұшты. Меме жоқ, ал егер

ол осында болса – егер ақырына дейін анықталмай қалған, болған оқиға болмай қалған күнде – онда Меме оның төсегінде алты жыл бойы жылдынып, бірақ жаман қашыр құрлы сүйіспеншілігі мен жан жылуын көрсете алмаған адамның емес, тұрғындардың жағына шығуы әбден мүмкін.

Құлағыма пойыздың бұрылыстағы ыскырығы жетті. “Ұшке жарты қалған екен”, деп ойладым, бірақ қазір құллі Макондоның назары біздің бұл үйде не істеп жатқанымызды бағып отырғаны туралы ойды санамнаш шығара алар емесспін. Мен әбден жұдеп-жадап солып қалған, кескінімен де, күмімен де елеске үқсап кеткен сеньора Ребеканың қалай электр желдеткіштің алдында отырғанын көз алдымға елестетуге тырыстым. Терезеге тартылған сым торлар оның жүзін көмекілеп тұр. Алыстап бара жатқан поездың ыскырығына құлақ түріп, ыстық пен наладан ындыны құрыған ол қалақтары жүрек үқсап, бірақ кері бағытта айналып тұрған желдеткішке еңкейіп, күнбе-күнгі күйкі тірліктің тамырларына жармаса-жармаса қаусаған кемпір өзінше ыскырынады: “Мұның бәрі де алbastының құйтырқысы”.

Сал болып жатқан Агеда стансаға жігітін шығарып салып қайтып келе жатып, ешкім көрінбеген соң бұрышты айнала беріп қолшатырын жазған Солитаны көрді; бикеш жас тәннің шаттануына масайрап келеді, кезінде ондай сезім кейіннен діндарлық дертіне ұласып кеткенше, Агеданың бойын да кеулеген, енді ол сол дерптің уытымен күбірлеп жатыр: “Қоқысқа аунаған мегежінше мауығып төсекте жатар ма едің, сен қар”.

Осы ойдан арыла алар емесспін, қазір ұшке жарты қалғанын ойлай беремін. Ыстық шаңының астында пошта қашыры тымпылдап жүріп келеді, сонынан тезірек газет алу үшін түстен кейінгі дамылып үзген екі еркек ілесіп келеді. Шіркеу құжырасында жуан қарнының үстіне ашқан дүғалығын салып қойып, Анхель әкей қалғып жатыр. Ол қашырдың аяғының тықырын естіп, үйқысының мазасын қашырған шыбындарды қаққылап, күбірлейді: “Тегінде осы дүшпара менің түбіме жетер”.

Әкем ештеңеден ығатын емес. Ол тіпті табыттың қақпағын ашып ішіне ұмыт қалған башмақты салуға дейін барды. Әйтеуір жан баласына қажеті жоқ пендеге пейіл білдіру оның ғана қолынан келеді. Табытты шығара бергенде табалдырықта алдымыздан қолдарына несеп пен нәжіске толы тұнгі оқашаларын ұстаған бір топ адам тосяп алып, халықтың ырқына кереғар келгеніміз үшін лас-насын үстімізге төгіп берсе, мен таңырқамас едім. Әкемді

құрметтегеннең олар бұлай істемеуі де мүмкін. Дегенмен осы үйдің жаңынан өткен ерлер мен әйелдердің талай-талай ыстық құндерде көкірегінде әлдилеген ықылас-пигылынан айырудың қашалықты пасық қылыш екенін біліп осылай істеуі мүмкін. “Ерте ме, кеш пе, біз бәрібір оның шіріген иісін иіскең, насағтанатын боламыз”, – дескен олардың әрқайсысы іштей. Бірінші үйінен бастап, соңғы үйіне дейін күллі Макондо солай дескен.

Көп ұзамай сағат үшті соғады. Сеньорита оны біледі. Сеньора Ребека мені көшеде көріп қалып, тордың аргы жағынан көрінбейтін желдеткіш лебінің астынан шығып, маған үн қатты: “Сеньорита, ол албасты ғой, оны өзініз де білесіз”. Ертең мектепке менің ұлым емес, мұлде басқа бала барады. Ол өседі, перзент сүйеді, ақыры өледі, бірақ сонда оның христиан салты бойынша жерге көмілуйіне ықылас туғызарлық алғыс сезімінің ешкімнің бойында тумауы кәдік.

Егер осыдан осыдан жиырма бес жыл бұрын менің әкеме қолына ұсыныс жасалған хатын үстап осы адам келмесе, ғадеті бойынша шөппен қоректеніп, бүгін шарасынан шығып кеткен иттің көздеріндегі жанарларымен әйелдерге ішіп-жей қарайтын ол осында қалып қоймаса, онда мен бүгін уайым-қайғысыз үйде отыратын едім. Бірақ бұл менің туғаннан маңдайыма жазылған көрешегім шығар. Мен отызға толғанша, төбемнен төнген биылғы кібісе жыл туғанша, әкем: “Сен менімен баrasың”, – дегенше менің жазмышым бұқпантайлап, алыстан аңдып келген екен. Мен жауап қатып үлгерген жоқпыш, әкем таяғымен үстелді бір салып: “Басқа жол жоқ, қызым. Таң алдында доктор асылып қалыпты”, – деді.

Бөлмеден шығып кеткен үнділіктер балға мен бір қорап шеге алғып, қайтып келді. Бірақ табытты шегелеген жоқ, шегелерді үстелге тастап, өздері бұрын өлік жатқан кереуетке жайғасты. Атам сабырлы сияқты, бірақ оның сабырлығына бейқамдық пен байыптылық жетіспей тұрған тәрізді. Табытта жатқан өліктің сабырындай емес, оның ұстамдылығының ар жағынан шыдамсыздық қылтияды. Онда көнбістік пен көнгерлік жоқ. Ол бөлменің ішінде ақсандай басып, шашылып жатқан заттарды жинастырумен жур.

Бөлмеден шыбын көргенде, мені олар табытқа кіріп кеткен бе деген ой мазалайды. Табыт әлі шегеленген жоқ, бірақ мен алғашында көршілес үйлердегі электр желдеткіштің ызылына балаған дыбыс табыттың жақтаулары мен өліктің бетіне соғылған

шыбындардан шығып жатқан секілді. Мен көзімді жұмып, басымды шайқаймын. Атам жағданды ашып, әлдесбір заттарды шығарып жатыр, олардың не екенине көзім жетер смес. Керсуетте төрт шоқ жылтырайды, бірақ шылым шегіп отырғандардың жүздері көрінбейді. Қапырықтан, таусылып бітпес тосудан, шыбындардың ызызынаи әбден дінкелсеген мәнін құлағыма біреу сыйырлайтын сияқты: “Сенде бір күні осылай жататын боласың. Шыбын үшікан табытқа жатасың. Сен әлі он бірге де келген жоқсың. Бірақ күндердің күнінде сені жабық табыттың ішіндегі шыбындарға жемге беретін болады”. Мен екі аяғымды бірдей созып, өзімнің жып-жылтыр қара бәтеңжелеріме қарадым. “Бауым шешіліп кеткен екен” деп іштей ойлап, анамның жүзінс қарадым, Ол да маған бұрылып, еңкейіп бәтенкемпің бауын байладап берді. Анамның шашынан шкаптың ыстық, ауыр лебі, баздаған ағаштың ісі келіп, есіме тағы да тар табытты салды. Тынысым тарылып кетті. Менің кеткім келді, сыртқа шығып, көшениң ыстық ауасын жүткүм келген мен, соңғы амалымды көлденең тарттым. Анам бойын жазған сөтте, құлағына сыйырладым: “Мама!” – “Иә?” – деп ол жымия жауап қатты. Тершіп қызара бөрткен жүзіне бетімді тақап: “Менің сыртқа шыққым келіп тұр”, – дедім даусым дірілдеп.

Анам атамды шақырып, оған бірденелерді айтты. Атамның көзілдіріктің аржағынан жылтыраған кірпік қақпай қараган қысық көздері маған қадалды. “Қазір болмайды”, – деді ол маған. Мен бойымды жинап, сәтсіздігіме онша нальмай-ақ тынышталдым. Оқиғалар тағы да әрен жылжи бастады. Кенеттен көз алдынан әлденелер тез-тез қарауыта бастады. Анам менің иығыма еңкейіп: “Женілдедін бе?”, – деп сұрады. Даусы қатқыл, зіллі, сұрап түрған жок, жазғырып тұр. Қарным бос, бірақ анамның сауалынан кейін ауырлап, ісініп кеткен секілді, бәрі-бәрі үшін, әсіресе оның қаталдығы үшін ызаланған мен ашумен: “Жок, жеңілдеген жок”, – деп қалдым. Қолдарымды ішіме басып, аяқтарыммен жер тепкілегім (айтқанымды орындаудың келесі тағы да бір оңтайлы қаразы) келіп кетті, бірақ аяғымның астында ештеңе жок, жер мен аяғымның арасында қуыс қана бар.

Бөлмеге біреулер кірді. Бұл атамның адамдарының бірі және оған ілесе полицей мен жасыл қаудырлак шалбар киген, белдігіне тапанша байладап, қолына кең қайырма жиекті қалпағын бұктей ұстаған адам келді. Атам орнынан түрекеліп оған қарай қадам басты. Жасыл шалбарлы адам қараңғыда жөтелді, атама бірдене деген ол қайтадан жөтелді. Ол жөтеліп тұрып, полицейге терезені ашуға бұйырды.

Ағаш қабырғалар жұқа сияқты. Оларды тығыздалған күлден жасағандай өсеп туады. Полицей мылтығының дүмімен ысырманы салып қалғанда, мен енді есікті ашуудың кажеті болмайды, қабырғалары қақыраған үй өзінен-өзі құлап түседі, жел құлатқан күл сарай секілді шусыз шөгіп кетеді деп ойлад қалдым. Енді екінші рет үрғаннан кейін төбемізге қираған тақтай сынды бірденелер үйілген біз, сірә, қөшепін ортасында, ашық аспаниның астында қалатын шығармыз. Екінші қайтара үрғанда терезе шалқасынан ашылып, бөлмеге жарық лап койды. Жарық құшпен кірді, ашылған есіктен кірген адасқан аң сияқты үнсіз жүгіріп жүріп бұрыш-бұрышты тіміскілеп, қабырғаларды тырналап, сілекейі шұбырып жүріп, ақыры қауіпсіз бұрышты тауып алып тыншыды.

Терезені ашқаннан кейін заттардың сұлбасы айқын көрінді, рабайсыз елестер секілді. А나м күрсіне терен тыныс алды. Маған колдарын созып, тіл қатты: “Көргін келе ме, терезеден біздін үйге қараашы”, – деді. Оның қолында отырып мен Макондоға алыстан жолаушылап оралған адамның көздерімен қарадым. Бадам ағаштарының саясында тұрған өзіміздің сырды кеткен ескі үйімізді көрдім. Осы арадан қарағанда, мен анау шуаққа мағынып тұрған жайқалған көктің ортасында бұрын-соңды болмаған адамдай күй кесштім, біздің үй – үй емес, түнде, мен қорқынышты түстер көргенде, анам айтып жұбататып, кейін біз тұратын қиялдағы елес секілді ғажайып сарайдай көзге басылады. Жанымыздан ысқырынып, бізді көзге ілмей самарқау басып Пепе өтті. Көршінің баласы жаңа ғана шашын алдырған сияқты, адам танымастай өзгеріп кетіпти.

Осы тұста өңі алабұртып, өзі бұрышып терлеген, кейлегі ағытулы алкальд түрегелді. Ол өзінің дәлеліне өзі масаттанып, қызара бөртіп менің жаныма келді. “Иіс шыққанша, біз оның өлімін растай алмаймыз”, – деді ол кейлегін түймелеп, сигаретін тұтата бергенде басымен табытты нұскады, түпкі ойы белгілі: “Енді мен заңды бұзды деп ешкім айта алмайды” дейтін кисын. Мен оның көздеріне жанарларымды тайдырмай каймықпай тіке қарадым, оның ойларының терен түкпіріне дейін үңілгенімді сездіргім келіп, былай дедім: “Сіз басқалардың ырқына жығылып, заңды бұзып тұрсыз”. Ол дәл осы сөздерді күтсе керек, іле жауап қатты: “Сіз, полковник, кіслілікті кісісіз, менің дұрыс істеп тұрғанымды мойындауыңыз керек”. Мен айтамып: “Оның өлгенінсіз сіздің көзінің әбден жетіп тұр ғой”. Оның жауабы: “Оте дұрыс, бірак түптің түбінде, мен шенеуінік қанамып. Бірден-бір заңды құжат – дәрігер қол қойған

өлім туралы куәлік”. Менің айтқаным: “Егер заң сіздің жағынызда екен, онда дәрігерді алдырыңыз, ол куәлік берсін”.

Маған алкалдтің селен жұртының оған деген өшпенділік сезіміне ортақ екені түсінікті. Өшпенділік оның есігінің аузына сол бір қантөгісті түнде жаралыларды әкеліп, айғайлаған кезден бергі (ол есікті ашпай іште тұрып жауап қатқан) он жыл ішінде өрши берген; “Доктор мына жаралыларға жәрдемдесіңіз, басқа дәрігерлер бос емес”, – деп айғайлағанда да ол есікті ашпаған (жабық есіктің алдында жаралылар жатқан); “біз өтініш айтатын жалғыз адам өзіңіз, мейірімді болыңыз”; ол көптің ойынша (сонда да ол есік ашпаған) бөлменің ортасында тұрып, қатығез сарғыш жанаңларына жарығы түскен қолындағы шамды жоғары көтеріп: “Мен білгенімнің бәрін ұмыттым, басқа жерге апарыңдар”, деп үн қатқан, сөйткен де тарс жабулы есіктің арғы жағында қалған (садан бері бұл есік ешқашан ашылған емес); ал өшпенділік өршіп, жайыла берген, оның өмірінің соңғы күніне дейін Макондо жұртына еркін тыныс алдырмайтын індектеке айналған. Өйткені сол түнде доктордың осы төрт қабырғада қамалып, қақалып өлуін тілеген қарғыс түрінде айтылған үкім естіген жанның бәрінің де құлағында қалған еді.

Осыдан кейін ол табандатқан он жыл улап тастай ма деген қорқыныштан жұрт ішетін суды да ішкен жоқ, өзімен тұратын үнді әйелмен бірге ауласында өсіретін көкөністі ғана талшық етті. Осыдан он жыл бұрын оның өз басы Макондоға көрсетпеген аяушылықты бүгін Макондо оған да көрсетпеу керек деп санайды. Селендегілер бүгін оның өлгенін біліп отыр (бүгін бәрі де, сөз жоқ, иықтарындағы ауыр жүктен арылғандай женілейіп оянған), әрі талайдан бері тосқан, жандарын жай таптыратын оқиғаның рақатына батуға әзір. Олар сол күні ашылмаған есіктің арғы жағынан мұнқіген мәйіттің иісіне қанып құмарларынан шықпақшы.

Парызымды орындағынын деген мен адамдардың қатыгездігінің алдында өзімнің қауқарсыздығымды сезіндім, көзі қарайған тобырдың сүйектеріне сіңген өшпенділігі мені түйікқа тіреп, тас корғанға қамаған тәрізді. Шіркеуге дейін менің ынта-жігеріме қарсы қоятын қарекет тапқан түрі бар. Аңхель әкей менің бетіме мынадай уәжін салық етті: “Мен киелі топыраққа алпыс жыл бойы құлшылықсыз өмір сүріп, асылып өлген адамды жерлеуге рұқсатымды бермеймін. Жаратқан да сіздің рақымшылық емес, қыңырлықтың қырсығы ғана болып табылатын істен бойынызды аулақ салғаныңызды құптар еді”. Менің айтқаным: “Жазу бойынша

өлгендерді жерлеу – мейірімділіктің ісі”. Аңхель әкейдің қайтарған жауабы: “Рас, бірақ мынадай жағдайда мұны біз емес, санитарлық қызметтің жасағаны ләзім”.

Мен бәрібір келдім. Өзіммен бірге қолымда өскен төрт гуахироны ерте келдім. Қызым Исабельге маған ілесе жүруді міндеп еттім. Сол арқылы бұл қарекетіміз мейілінше дағдылы, көптің көзі үйренген іске айналды. Егер өлікті Макондоның көшесінде өз қолыммен сүйрелеп, зиратқа ала жөнелсем, әрине, онда мұным қасақана жасалған қысастық сипат алар еді. Менің өз өмірімде көрмегенім жоқ, бірақ Макондоның бәріне бара беретінін де білемін. Олар менің көрілігінді, республика полковнигі, оның бәрін былай қойғанда, ақсақ скенімді, әрі арымының тазалығын ескеріп жатпай, мені аямаса да, олар әйел еді-ау деп менің қызыма аяушылық білдіретініне үміттімін. Мен оны өзім үшін келтірген жоқпың, түптің түбінде, марқұмның жанының тыныштығы үшін, арырақ үцілсек, қасиетті парызын орындату үшін де ерткенім жоқ. Мен Исабельді қорыққандығынан да емес, керек десеңіз, мейірбандықтан ерттім. Ол өзімен бірге баланы ерте келді (сондай себептен ерткен шығар деп ойлаймын), енді міне үшеуміз басқа түскеннің баспағын да, батпағын да кешудеміз.

Біз кірген кезде өлік әлі де асулы күйінде түрған шығар деп ойлаған едім, бірақ үнділіктер алдымызды ораған екен, мәйітті кереуекте жатқызып, бірер сағатта бәрі де бітер деген ішкі үмітпен жерлеуге лайық киімдеріне дейін киіндіріп қойыпты. Кіргеннен кейін табыттың әкелінуін тостым, қызым мен балақайдың бұрышқа отырғанын көрдім, олар доктор өзінің бұл үйғарымының сырын ұқтыратын бірдене қалдырған жоқ па екен деген оймен бөлменің ішін мұқият шолуда. Шқаптың есігі ашық, ыбырсыған қағаз, бірақ бірде-бірі оның қолымен жазылмаған. Сөренің үстінде уәспілік анықтамалық жатыр, осыдан жиырма бес жыл бұрын алғаш рет үйіміздің табалдырығын аттағанда, біздің отбасының адамдарының бәрінің киім-кешегі сыйып кетерліктеі абажадай ауқымды жағданынан алып шығатын сол баяғы анықтамалық. Жағданда бар-жоғы екі жейде, жасанды мілік, онысы да өзінің болмауға тиіс, ейткені оның тістері сап-саяу, тас кемірер күйінде еді, содан кейін белгісіз біреудің суреті мен осы уәспілік анықтамалық қана бар екен. Суырмаларды бірінен кейін бірін ашып ақтарғанымда, қолыма ілінгендері баспалы қағаздар, ескі шаң басып сарғайған қағаздарға, еп астынғы суырмадан талайдан бері колланусыз жатқанин тозаң басып, тотыға бастаған жасанды мілік қана шықты. Үстелде өшкен шамының жанында ашылмаған

қалпында газеттер жатыр. Мен соларды қарай бастадым. Олар француз тілінде жазылған, ең соңғылары – осыдан үш ай бұрынғы, жиырма сегізінші жылғы шілденің газеттері. Ашылмаған қалпында басқа да газеттер жатыр: жиырма жетінші жылғы қаңтардың, жиырма алтыншы жылғы қараашаның газеттері... Ең ескілері – он тоғызынышы жылдың қазанына келеді. Менің ойыма келгені: “Тогыз жыл бұрын, өзіне қарғыс турінде шыгарылған үкімнен соң тура бір жылдан кейін ол газеттер оқуды қойып кеткен. Сонда өзінің отанымен және отандастарымен соңғы байланысын узген”.

Адамдар табытты енгізіп, ішіне мәйітті түсірді. Осыдан жиырма бес жыл бұрын оның менің есігімді ашқаны, қолыма үлкен соғыстың соңына қарай Атлантика жағалауы генерал-интендантының міндептің атқарған полковник Аурелиано Буэндианың маған арнап, Панамадан жазған кепіл хатын ұстатқаны есіме түсті. Оның түпсіз жағданынан ұсақ-түйек заттарын шығара бастадым. Құлыпсыз жағданы бұрышта жатыр, онда ол осыдан жиырма бес жыл бұрын өзімен бірге әкелген сол баяғы заттары салулы еді. Ойыма келгені: “Екі жейдесі, әлгі мілігі, сурет пен ескі үәспілік анықтамалығы бар болатын”. Мен қолыма ілінгендерін жинастырып, жабылмай тұрғанда деп, табыттың ішіне сала бердім. Сурет жағданының түбінен табылды, ол келген күні қалай жатса, сол орнында қалған тәрізді. Бұл кеудесіне ордендер таққан әскери адам бейнеленген дагерротип. Табытқа суретті салдым, мілікті және соңынан ала ескі үәспілік анықтамалықты салдым. Содан кейін адамдарға табытты жабуға белгі бердім. Ойыма алғаным: “Міне, ол тағы да сапарга аттанып барады. Соңғы сапарына осының алдында жүрген сапарында ұстаган заттарын алғаны жсон емес пе? Мұнда тұрган қандай да бір өрескелдік жоқ, бәрі де жаратылыстың өзіне лайық”. Осы арада маған алғаш рет өліктің қызыры менен тапқаны жайында ой келген тәрізді.

Бөлмені қайта шолғанда кереуеттегі ұмыт қалған бәтеңкеге көзім түсті. Колыма алған бәтеңкемен әлгі кісілеріме белгі бердім, олар қақпақты қайтадан көтере берген мезетте Макондодан үзай берген пойыздың ыскырығы естілді.

“Үшке жарты қалды, – деп ойладым. – 1928 жылғы 12 қыркүйектегі сағат үшке жарты қалған мезгіл 1903 жылды шамамен дәл осы мезгілде ол алғаш рет біздің дастарқанымыздың басына отырып, тустигіне шөп сұрады”. Аделаида одан: “Қайдағы шөп, доктор?”, – деп таңырқай сұрады. Ол күйіс қайыратын малдың дыбысына үқсас мыңқылдаған даусымен: “Кәдімгі шөп те, биби. Есектер жейтін шөп”.